



Құрметті студент!

2018 жылы «Білім - 1» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B010300	«Педагогика және психология»	1. Педагогика 2. Педагогиканы оқыту әдістемесі 3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі 4. Психологияны оқыту әдістемесі

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:

1. Педагогика
2. Педагогиканы оқыту әдістемесі
3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
4. Психологияны оқыту әдістемесі

2. Тестілеу уақыты - 180 минут.

Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.

3. Тандаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.

4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.

5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.

6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға
қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Педагогика

1. Педагогиканың бөлімдері:

- A) Білім беру жүйесін басқару
- B) Педагогикалық үдерістің негіздері
- C) Оқыту және тәрбие теориясы
- D) Философияның жалпы негіздері
- E) Педагогиканың жалпы негіздері
- F) Балалар ұжымының теориясы
- G) Тұлға теориясының негіздері

2. Жеке тұлғаның ең маңызды белгілері:

- A) даралығы
- B) орталық нерв жүйесінің қасиеттері
- C) дене бітімі
- D) жауапкершілігі
- E) дене қасиеттері

3. Оқу-тәрбие процесінде тиімді ұйымдастыру үшін педагогтың басшылыққа алатын темперамент түрлері:

- A) Психологиялық
- B) Холерикалық
- C) Психикалық
- D) Психофизиологиялық
- E) Сангвиникалық
- F) Флегматикалық, меланхоликалық

4. Ғылыми-педагогикалық зерттеулер:

- A) технологиялық
- B) теориялық
- C) әдіснамалық
- D) әдістемелік
- E) эмпирикалық

5. Эстетикалық тәрбие міндеттерінің бірі:

- A) ғылыми дүниетаным қалыптастыру
- B) ой қабілеттерін дамыту
- C) эстетикалық талғамды және сезімді дамыту
- D) эстетикалық мәдениетті тәрбиелеу
- E) ағзаны шынықтыру
- F) эстетикалық білімдер беру

6. Тәрбие ерекшеленеді:

- A) қысқалығымен
- B) ұзақтығы және үздіксіздігімен
- C) жоспарға бағынбауымен
- D) бір мерзімділігімен
- E) ой еңбегіне тәуелділігімен
- F) екі жақтылығымен
- G) көпфакторлығымен

7. Педагогика ғылымының салалары:

- A) Түзету педагогикасы, ақпараттық педагогика
- B) Психологиялық педагогика, физиологиялық педагогика
- C) Арнайы педагогика, түзету педагогикасы
- D) Жоғары мектеп педагогикасы, медициналық педагогика, арнайы педагогика
- E) Акмеология, білім беру педагогикасы
- F) Мектепке дейінгі педагогика, әскери педагогика, педагогика тарихы

8. Адамгершілік тәрбие міндеті:

- A) моральдік ережелерді меңгерту
- B) табиғатқа ізгілік қатынас қалыптастыру
- C) адамгершілік сана қалыптастыру
- D) құқықтық жауапкершілік қалыптастыру
- E) эстетикалық талғам қалыптастыру
- F) санитарлық-гигиеналық іскерліктер қалыптастыру
- G) ой қабілеттерін дамыту

9. Білім мазмұны:

- A) Оқушылардың оқу процесі барысында меңгеруге тиісті сауаттылық және дағдылар жүйесі
- B) Оқушылардың ғылыми білім, біліктілік және дағдыны игеру үдерісі
- C) Оқушыларды тәрбиелеу мен оқыту үдерісі
- D) Оқушылардың дүниетанымдық және адамгершілікті-эстетикалық идеялар жүйесін меңгеруі
- E) Оқыту құралдарының мазмұны мен сапасы
- F) Оқушыларды білімділікке, тәрбиелікке үйрету және дамыту

10. Ғылыми дүниетанымды қалыптастыру жолдары:

- A) дін мен ғылымның байланысын ашу
- B) іскерліктер жүйесі қалыптастыру
- C) діни білімдер қалыптастыру
- D) арнайы пәндер енгізу
- E) ғылыми білімдер жүйесін қалыптастыру
- F) мұғалімнің өз әлеуметтік және кәсіби позициясын көрсетуі

11. А.С. Макаренко бойынша ұжымның даму принциптері:
- A) Тәртіпті қатаң сақтау, кез келген қателікті қатаң жазалау
 - B) Жұптық іс-әрекет
 - C) Гуманизм, альтуризм
 - D) Перспективті бірізділік
 - E) Басқалардың пікірін құрметтеу
 - F) Тәуелсіздік, гуманизм адамға жағымды әсер ететін тірек
 - G) Жариялылық, жауапты бағынушылық

12. Сыныптан тыс жұмыстардың тиімділігіне жатады:
- A) әр оқушыға тигізетін тәрбиелік ықпалдың болуы
 - B) іс-әрекеттің мазмұны, мақсаты, барысы оқушыға түсінікті болуы
 - C) сыныппен оқушының арасындағы қарым-қатынастың тығыз болуы
 - D) оқушының саналы болуы
 - E) әрекеттің жоспарлы болуы

13. Отбасы тәрбиесінің құқықтық негіздерін анықтайды:
- A) Мемлекеттік тұжырымдамалар
 - B) Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік Бағдарламасы
 - C) «Білім туралы» Заңы
 - D) Мектеп құжаттары
 - E) «Бала құқығы туралы Конвенция»

14. Оқыту ұстанымдары:
- A) Мазмұндық
 - B) Әдістемелік
 - C) Ұйымдастырушылық
 - D) Көрнекілік
 - E) Саналық және белсенділік
 - F) Басқарушылық
 - G) Жүйелілік

15. Білім беру стандарты:
- A) Білім беру сапасын анықтайды
 - B) Бағдарламалардың сапасын анықтайтын құжат
 - C) Оқу жоспарларын қолданады
 - D) Міндетті білім берудің негізгі құжаты
 - E) Оқыту деңгейін айқындайды
 - F) Білім беру нормаларын анықтайды
 - G) Білім беру саласын қамтиды
 - H) Міндетті оқыту компоненттерін анықтайды

16. Дидактикалық мақсаттарға байланысты сабақ түрі:

- A) Жаңа білімді меңгеру
- B) Факультатив
- C) Өткен материалды қайталау, пысықтау
- D) Аралас сабақ
- E) Оқу саяхаттары

17. Білім беру жүйесін стандарттау қажет:

- A) Тың оқу жоспарларының енгізілуі үшін
- B) Философиялық негізін қалыптастыру үшін
- C) Нәтижелілік деңгейін арттыру үшін
- D) Баламалы оқулықтардың қосылуы үшін
- E) Мектептегі оқу процесінің жаңа еркін ұйымдастыру формаларына өтуі үшін

18. Ұжымдық- танымдық іс-әрекеттің белгісі:

- A) Іс-әрекеттер барысында оқушыға жағдай жасау және оларды басқару
- B) Жалпы нәтижелердің болуы
- C) Іс-әрекет барысында анықталған материалдар бойынша тұжырым жасау
- D) Бірыңғай мақсаттық, жалпы мотивтің болуы
- E) Жалпы іс-әрекеттің жоспары болуы

19. Білім, білік және дағдыны қалыптастыру үдерісі қажет етеді:

- A) Жүйелеуді
- B) Бағыттауды
- C) Оқу жоспарын
- D) Диагностикалауды
- E) Тұлға болмысын

20. Қалыптастырушы тұғырдағы тәртіп үлгісі:

- A) Білімді бекіту
- B) Бағалау
- C) Қайталау
- D) Түсіндіру
- E) Мақсаттылық
- F) Жаттығу
- G) Есте сақтау

21. Дидактикада оқыту технологиялары жіктелетін сипаттар:

- A) Нәтижелілік деңгей
- B) Психологиялық негіз
- C) Философиялық негіз
- D) Әдістемелік негіз
- E) Әдіснамалық деңгей
- F) Теорияны меңгерудің ғылыми сипаттамасы

22. Жалпы білім беретін бағдарламалар бағытталады:

- A) Жеке адамның қоғам мен өмірге бейімделуін қамтамасыз етуге
- B) Оқушының өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруға
- C) Жеке адамның мәдениетінің қалыптасуына
- D) Жеке адамның болашағын қалыптастыруға
- E) Жеке адамның әлеуметтік жағдайына
- F) Оқушының оқу үлгерімін қадағалауға
- G) Оқушының оқу-тәрбие үдерісіндегі қиындықтарын шешуге

23. Мектеп жетекшілері білуге міндетті:

- A) Оқу жүйесінің мазмұнын
- B) Мектепте оқушылардың білімін бағалау формаларын
- C) Оқу-тәрбие үдерісін диагностикалауды
- D) Оқу жоспарының құрылымын
- E) Оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың мерзімдік тәртібін
- F) Мектептің құжат санын
- G) Мектептің материалдық жағдайын

24. Г.И. Щукина бойынша мектепшілік басқару бағыттары:

- A) зерттеушілік
- B) ғылыми
- C) жобалаушылық
- D) басқарушылық
- E) дидактикалық
- F) ұйымдастырушылық

25. Әдістемелік жұмысты қорытындылау формалары:

- A) диссертациялық кеңес
- B) педагогикалық оқулар
- C) жас мұғалім мектебі
- D) проблемалық практикумдар
- E) проблемалық семинарлар
- F) озық тәжірибе мектебі

Педагогика
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ

Педагогиканы оқыту әдістемесі

1. Дидактиканың негізгі ұғымдары:

- A) Дәстүрлі
- B) Дидактикалық алгоритм
- C) Педагогикалық антропология
- D) Білім, білік, дағды
- E) Оқыту үдерісі

2. Педагогиканы оқыту әдістемесі:

- A) Педагогика дамуының альтернативті бағдарламасы
- B) Педагогика ғылымындағы педагогикалық үдерісті басқару педагогикалық теорияның жағдайын салыстырмалы талдау
- C) Педагогиканың түрлеріне байланысты оқыту әдісі
- D) Педагогикадағы оқыту үдерісі туралы ғылым
- E) Педагогиканы оқыту үдерісіндегі мазмұн, форма және әдістер бірлігі

3. Ғылымды ерекшелейтін белгілері:

- A) Серпінділік
- B) Дидактикалық
- C) Тәрбиелік
- D) Оқытушылық
- E) Жүйелілік
- F) Әлеуметтік

4. Дәріс оқу барысында оқытушы ескеруі керек:

- A) Елестетуді
- B) Екпінді
- C) Жылдам оқуды
- D) Сөйлеу ырғағын
- E) Денені

5. Семинардың мақсаты:

- A) Білім алушының игерген білімін тексеру, белсенділігін жетілдіру
- B) Оқыту құралдарын қолдануға үйрету
- C) Педагогикалық жүйені түсіндіру
- D) Оқытушының белсенділігін жетілдіру
- E) Оқытуды ұйымдастыруды жүзеге асыру
- F) Өзіндік көзқарас қалыптастыруға дағдыландыру

6. Оқыту құралдары:

- A) Карталар
- B) Лабораториялық құрал жабдықтар
- C) Флешка
- D) Мұғалім әшекейі
- E) Сөздіктер

7. Оқытудың сөздік әдістері:

- A) Әңгіме түсіндіру, оқулықпен жұмыс
- B) Презентация, тәжірибе
- C) Иллюстрациялау
- D) Баяндау, әңгіме, түсіндіру
- E) Оқулықпен жұмыс, әңгіме, баяндау

8. Студенттердің біліміне бақылау жасау талабы:

- A) Көрнекіліктер арқылы
- B) Бақылау сұрақтары меңгерілген материал мазмұнына сәйкес болуы керек
- C) Білімнің ғылымилығы
- D) Бағаның объективті қойылуы
- E) Білімнің нақтылығына
- F) Білімді тексеру жолы
- G) Барлығына қол жетушілігі

9. Дөңгелек үстел әдісінің стадиялары:

- A) Жоспарлау
- B) Бағдарлау
- C) Шешім қабылдау
- D) Түрткілеу
- E) Бағалау
- F) Консолидация (компромисті шешім, ойлар, позициялар)

10. Эссе жазу мақсаты:

- A) Логикалық ойлаудың нәтижесінде өз пікірін жазбаша түрде беру
- B) Негізгі жайттарды бірізділік пен нақтылық арқылы беруі
- C) Әр түрлі көзқарасты ұстану
- D) Дербес немесе ұжымдық баяндау
- E) Мазмұн жоспарға сай келуі
- F) Ішінара бақылау және өзін-өзі бақылау

11. Жобалап оқыту түрлері:

- A) Әріптестік
- B) Коммунистік
- C) Гуманистік
- D) Тәжірибеге бағдарланған
- E) Зерттеушілік
- F) Эксперимент
- G) Шығармашылық

12. Дәріс:

- A) Жаппай ойнату
- B) Пәнді, оқу материалын жүйелі түрде баяндау
- C) Принциптерді түсіндіру
- D) Өзіндік жұмыстарды жасатуды ұйымдастыру формасы
- E) Жоғары оқу орнында оқытуды ұйымдастырудың бір формасы
- F) Практикалық әдістерді қолдану

13. Мәселелік оқытуда ойлауды басқарудың құралы:

- A) Білім алушының білімі
- B) Мәселелік сұрақ
- C) Оқу мотивациясы
- D) Әрекеттің бағдарлы негізі
- E) Оқу әрекеті
- F) Фасилитатор рөлі
- G) Ойлау әрекеті

14. Оқытудың беріктік ұстанымына:

- A) Оқу материалын бекіту
- B) Мазмұндау логикасы және материалды дәлелдеудің жоқтығы жатады
- C) Мазмұн қисынының болмауы
- D) Мотивацияның болмауы
- E) Дамудың оптимальды темпі жоқ

15. Кіріспе дәріс:

- A) Мағлұматты жүйелі мазмұндауға арналады
- B) Дәріс курсы мазмұнын ашады
- C) Оқу материалының құрылымымен таныстырады
- D) Дәріс курсын аяқтауға
- E) Бағыт береді, әдебиеттермен таныстырады

16. Оқытудың әдістерін таңдап алу шарттары:

- A) Табиғи жағдайларға байланысты
- B) Дидактикалық мақсаттар мен міндеттерге байланысты
- C) Оқушы тұлғасына байланысты
- D) Оқу әдістемелік базаға байланысты
- E) Педагог тұлғасына байланысты
- F) Жағдайлардың ерекшеліктеріне байланысты

17. Оқыған материалды бекіту үшін қолданылатын тиімді әдістер:

- A) Үлгілеу
- B) Жағдаят
- C) Оқушылармен жұмыс
- D) Жаттығу
- E) Түсіндіру
- F) Әңгімелесу

18. Оқытудың практикалық операциялық әдістері:

- A) Жаттығу
- B) Үлгілеу
- C) Жағдаят
- D) Мәселелік
- E) Ғылыми ізденіс
- F) Практикалық жұмыстар
- G) Лабораториялық жұмыс

19. Сабақ жоспары:

- A) Өткізілетін сабақтың берілу жүйесі
- B) Оқушыларды басқаруға бағытталған жоспар
- C) Тәрбие теориясына жасалған жоспар
- D) Дидактиканы оқытуға арналған жоспар
- E) Педагогиканың жалпы негіздеріне жасалған жоспар
- F) Тақырып, мақсат, міндет, көрнекіліктер, құралдарды қамтитын жоспар
- G) Меңгерілетін білім, білік, дағдыларды, пайдаланатын әдебиеттерді қамтитын жоспар

20. Оқытудың нәтижесін тексерудің мәні:

- A) Оқушылардың танымдық деңгейін анықтау
- B) Білім беру бағдарламасына, білім беру стандартына сай оқушылардың білімді меңгеру деңгейін анықтау
- C) Оқушылардың пән бойынша меңгерген білім, білік, дағды деңгейлерін анықтау
- D) Оқушылардың танымдық белсенділігін анықтау
- E) Оқушылардың белгілі бір бағдарлама, пән бойынша білім беру стандартына сай білімді меңгеру деңгейін анықтау

21. Модульдік – рейтингтік бақылаудың артықшылықтары:

- A) білім алушылардың танымдық іс-әрекеттерін рейтингтік баллдардың тұтас жүйесін пайдалану арқылы басқару мүмкіндігі
- B) білім алушылардың білім, іскерлік, дағдысын анықтау
- C) деректі білімдерін жедел тексеру
- D) аудиториялық сабақтардың барлық кезеңдерінде жүргізуге болады
- E) білім алушылардың білімін анықтау
- F) көп тақырыптардан тұратын, қисындық жағынан аяқталған модульдер түрінде беріледі
- G) білім алушылардың жіберген қателерін уақытында табу

22. Модульдік оқыту қағидалары:

- A) Кері байланысты әдістемелік қамтамасыз ету
- B) Оқу материалының толықтығы, әржақтылығы, кіріктірімділігі
- C) Жолдастық қағида
- D) Педагогикалық талдауды есепке алу
- E) Сыни көзқарас қағидасы
- F) Өзара әрекеттестікті ескермеу
- G) Дайындық жүгізуде кезеңді сақтау

23. Қазіргі таңдағы дидактика бөлімінде қарастырылатын тақырыптар:

- A) Дидактика оқытудың педагогикалық теориясы ретінде
- B) Оқытудың заңдылықтары мен принциптері
- C) Педагогиканың қызметі мен категориялық аппаратын қарастыру
- D) Педагогика ғылымының басқа ғылымдардың саласы ретіндегі орнын анықтау
- E) Педагогикалық өнерді жүзеге асыру шарттарын қарастыру
- F) Педагогикалық шеберлікті педагогикалық өнердің негізі ретінде қарастыру
- G) Педагогикалық қарым-қатынас негіздерін қарастыру

24. Тәрбиенің мақсаты, міндеттері, мазмұнын қарастыру барысында негізге алынатын теориялар:

- A) Баланы мәдениет адамы ретінде тәрбиелеу теориясы
- B) Әлеуметтік жүйелер
- C) Ұжымдық-шығармашылық іс-әрекетте тәрбиелеу
- D) Педагогикаға кіріспе
- E) Педагогикалық жүйелерді басқару
- F) Тәрбие теориясы

25. «Педагогикалық жүйелерді басқару» немесе мектептану бөлімі ғылымдар тоғысында қарастырылады:

- A) Практикалық психология
- B) Басқару психологиясы
- C) Маркетология
- D) Пәнді оқыту әдістемесі
- E) Дианетика
- F) Физиология

**Педагогиканы оқыту әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі

1. Тәрбиенің объективті және субъективті факторлары:

- A) Ата-аналардың педагогикалық білім мен мәдениеті
- B) Оқушыға әсер етуі (психологиялық жағдайда адамгершілік нормалары)
- C) Ұжымдық қатынас жүйесіндегі оқушының жағдайы
- D) Тәрбиеленушінің жеке биологиялық ерекшеліктері
- E) Баланың қоғам алдындағы жауапкершілігін түсінуі
- F) Тұқымқуалаушылық
- G) Мінез-құлық, тәртіптілік

2. Тәрбие әдісі:

- A) Тәрбие мақсатына жету тәсілдерінің жиынтығы
- B) Әртүрлі іс-әрекеттер ұйымдастыру
- C) Оқушының өзінің еңбегімен жеткен жетістігі
- D) Тәрбие мақсатына сай оқушы санасы мен ерік-күшіне ықпал ету тәсілдерінің жиынтығы
- E) Педагогтің еңбек жолы
- F) Әдістерді тиімді пайдалану

3. Педагогикалық қолдау сөздері:

- A) Сен қашанда әділсің - сондықтан қателеспеуге тиіссің!
- B) Қателеспейтін адам жоқ, бастысы - сол қатені түзете білуде
- C) Сенің бұл жағдайдан жол тауып шығарыңа мен сенемін
- D) Дұрыс шешім шығара алу мүмкіндігің бар
- E) Сен ақылдысың ғой – қолыңнан келеді!

4. Отбасының мектеппен байланысы:

- A) Балабақша жасындағы баласының болуында
- B) Отбасының этникалық құрамында
- C) Мектеп пен отбасының ынтымақтастығында
- D) Отбасында мектеп оқушысының болуы
- E) Отбасының материалдық жағдайында

5. Тәрбие жоспарының қызметтері:

- A) Ағартушылық
- B) Білімділік
- C) Болжау
- D) Тәрбиелік
- E) Ұйымдастырушылық
- F) Бағыттау, анықтау

6. Белгілі бір қасиеттерді қалыптастыру мақсатымен тәрбиеленушінің сезіміне, санасына, мінез-құлқына ықпал етуді көрсететін категория:

- A) Тәрбие құралы
- B) Әлеуметтендіру заңдылықтары
- C) Дамуға басшылық жасау
- D) Тәрбие формасы
- E) Қозғау мен түйсік
- F) Әлеуметтік тәрбиенің ықпалы
- G) Бақылау тәсілі

7. Оқушылардың сыныптық ұжымы:

- A) Шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру тобы
- B) Қызығушылықтары сәйкес келетін, әр жастағы балалар тобы
- C) Білім алу мақсатында, ішкі қарым-қатынасы қалыптасқан балалар ұжымы
- D) Білім, тәрбие мақсатына жету үшін құрылатын оқушылар ұжымы
- E) Жас ерекшелігіне қарай бір бағдарламамен оқуға біріккен балалар ұжымы

8. Қиын тәрбиені жеңу әдістері:

- A) Мінезінің теріс тұстарын бұзу әдісі
- B) Педагогикалық ықпал ету әдісі
- C) Жасөспірімдердің оқыту-түзету жұмысын құрастыру
- D) Оқу іс-әрекетінің сәттілігін құру әдісі
- E) Сабақтан тыс іс-әрекетті ендіретін тәрбиелік-түзету жұмысы
- F) Бейімделу әдісі

9. Тәрбиенің қоғамдағы жалпы қызметі:

- A) Қоршаған ортасын танып-білу
- B) Қызығушылығын ояту
- C) Баланы әртүрлі әлеуметтік қатынастарға қатыстыру
- D) Мектептен тыс тәрбие мекемелерімен өзара бірлескен іс-қимыл жасау
- E) Оқушының дара даму ерекшелігін танып-білу
- F) Ұрпақтан-ұрпаққа әлеуметтік тәжірибе мен мінез-құлық нормаларына қатысты білім, білік, дағдыларды беру
- G) Адам баласында адамгершілік сапа жүйесін қалыптастыру

10. Тәрбиенің қоғамдық мәні:

- A) Біз кімдерді тәрбиелейміз, солардың жүрегіне ықпал етеміз
- B) Басшылыққа алынатын мәселе
- C) Кең мағынада алғанда қандай да болса, бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз
- D) Жеке тұлғаның санасына, мінез-құлқының дұрыс қалыптасуына әсер ететін құрал
- E) Рухани жағынан үнемі жетілу және баюуда көпсалалы процесс
- F) Халықтар бойына білімге негізделген этникалық ізгіліктер мен өнерлерді дамыту

11. Педагогикадағы тәрбие принциптері:

- A) Тәрбиенің идеялылығы мен мақсаттылығы
- B) Тәрбие ережелерінің жиынтығы
- C) Батылдылық
- D) Тәрбие барысында шешілуге қажетті міндеттер
- E) Тәрбие процесін ұйымдастырудағы талаптар жүйесі
- F) Әрекетті жан-жақты ойластыру

12. Тәрбие ісінің құрылымы:

- A) Мақсатты тікелей жүзеге асыру
- B) Алғашқы әңгіме, барлау, жоспарлау
- C) Қол жеткізген нәтижелерді талдау
- D) Жекеленген жүйелік құрылымдар тәрізді
- E) Тәрбие ісін өткізу, нәтижелерді бағдарлау
- F) Мақсат қою, ұйымдастыру
- G) Ұйымдастыру, құралдарды анықтау

13. Авторитарлық тәрбие:

- A) Қалайда лидерлікке ұмтылу
- B) Тұлғаның дамуын тежеу
- C) Өзінің адамгершілігін сезіндіру
- D) Оқушылардың оқуға, үйдегі және қоғамдық орындардағы тәртіпке еркін қарауы
- E) Бала тұлғасын құрметтеу

14. Дәрігерлердің оқушылар денсаулығын сақтауда ескерер кеңесі:

- A) Қоршаған ортаға қызығушылықты сақтау
- B) Өзінді басқалардан жоғары санауға тырыс
- C) Жақсы мүсін сақтау
- D) Өзіңе сен
- E) Дұрыс ұйықтауға мән бермеу
- F) Өмірге нем құрайлы қарау

15. Әдеби-музыкалық қоғам бірлестігіне қатысушылар ұйымдастырады:
- A) Баланың еңбек тәрбиесін дамыту
 - B) Ашық есік күндері
 - C) Қызығушылықтары бойынша оқушыларды топтастыру
 - D) Түрлі бағыттағы әдеби-музыкалық кештері
 - E) Тез және жоғары деңгейде керекті сапаны қалыптастыру
16. Отбасымен жүргізілетін жұмыс түрлері:
- A) Отбасындағы балалардың қарым-қатынасын зерттеу
 - B) Оқушыларға тәрбиелік әсер етудің ұйымдастырылған түрі
 - C) Ата-ананы мектепке шақырту
 - D) Баланың отбасына бару
 - E) Педагогикалық жаппай оқытуды ұйымдастыру
 - F) Оқу және интеллектуалды еңбек мәдениетін қалыптастыру
17. Сабақтан тыс әрекеттерді ұйымдастыру формасы:
- A) Сабақ барысында кездесулер ұйымдастыру
 - B) Лабораториялық сабақ жүргізу
 - C) Дене тәрбиесі, спорттық әрекет
 - D) Көркемөнер – шығармашылық әрекет
 - E) Сынып бөлмелерін жөндеу жұмыстары
 - F) Интербелсенді әдістерді қолдану
 - G) Емтихан жүргізу
18. Тәрбиешінің диагностикалық қызметі:
- A) Топтағы келеңсіз жағдайдың себебін іздестіріп, анықтау
 - B) Топтың білім көрсеткіштерін жоғары дәрежеге жеткізу
 - C) Балалардың тұлғалық және жеке-дара ерекшеліктерін зерттеу және талдау
 - D) Келеңсіздіктерді болдырмаудың тәсілдері мен жолдарын қарастыруды көздеу
 - E) Балаларының тәртібі жайлы ата-аналарға мағлұмат жинау
 - F) Балабақша әкімшілігі тарапынан берілетін жұмыстарға талдау жасау
 - G) Өз тобының денсаулығын зерттеу
19. Тәрбие үдерісінде арнайы қолданылады:
- A) Орта
 - B) Көңіл көтеру мерекелері
 - C) Ойлау іс-әрекеттері
 - D) Тәрбие әдістері
 - E) Тұлға дамуының әлеуметтік жағдайы
 - F) Тәрбие тәсілдері
 - G) Тәрбие ұстанымдары

20. Тәрбие, адамды сүюге бағыттау төмендегі ұстанымдардың біртұтастығына байланысты:

- A) баланың ортаға тез бейімделгіштігіне
- B) баланы жеке тұлға ретінде сыйлауына
- C) ерік-жігердің бірлігіне
- D) жаңа қоғамдық рөлді меңгеруіне
- E) баланың еңбегі мен ісін бағалауына
- F) балаға тұрақты дұрыс қатынасына

21. Мінез-құлықты тәрбиелеу әдістері:

- A) өзін-өзі басқару ұйымына мүше сайлау
- B) мектептегі әдістемелік кеңеске қатысу
- C) жарыстар өткізу
- D) тәрбиелік жағдаяттарды өзгерту
- E) марапаттау

22. Тәрбиенің тиімділігі тәуелді:

- A) педагогтің талдау, бағалау қабілетіне
- B) тұқымқуалаушылыққа
- C) тәрбие үдерісінің әдістемесіне
- D) педагогтің шеберлігіне
- E) мектеп Жарғысының мазмұнына
- F) қаржы көздеріне
- G) оқыту мерзіміне

23. Топтық тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары:

- A) ұсынылған кітаптарды оқып талдау
- B) тәрбие тұжырымдамасын жасау
- C) үйірмелер
- D) әңгімелер
- E) сынып сағаты
- F) клубтар

24. Жеке адамның санасын қалыптастыру әдістері:

- A) мектептегі әдістемелік кеңес
- B) өзін-өзі басқару
- C) тәрбиелік жағдаяттар
- D) этикалық әңгіме
- E) пікірталас

25. В.П. Тугаринов бойынша жеке адамның сапалық көрсеткіштері:
- A) Тәрбиелік ықпалдар бірлігі
 - B) Еркіндік, жеке басының қадірі
 - C) Даралық, қоғамдық белсенділік пен саяси-идеялық бағыт
 - D) Тәрбие гуманизациясы
 - E) Тәрбие іс-әрекетіне араласуы

**Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Психологияны оқыту әдістемесі

1. Психологияны оқыту әдістемесі курсының пәні:

- A) Психологияны оқыту әдістерінің ерекшеліктері
- B) Тәжірибелік психологиялық икемділік
- C) Әдістемелік әдебиеттердің психологиялық аспектілері
- D) Жаңа психологиялық білім ізденістері
- E) Психологияны оқыту формаларының ерекшеліктері
- F) Қоғамдағы психологиялық жағдайлар
- G) Психологияны оқыту құралдарының ерекшеліктері

2. Оқу жоспарымен анықталатын оқу формалары:

- A) Семинар
- B) Дөңгелек стол
- C) Демалыс
- D) Конференция
- E) Дәріс
- F) Экскурсия

3. Оқу бағдарламасы:

- A) Оқылатын пәндердің көлемін және жүйесін анықтайды
- B) Осы құжаттың негізінде оқытушы пән бойынша оқыту процесін ұйымдастырады
- C) Студенттердің бұрынғы дайындығын анықтайтын құжат
- D) Студенттердің қалауын екере отырып жасалатын құжат
- E) Оқылатын пәндердің тізімін анықтайтын құжат
- F) Факультативтік пәндер тізімін анықтайды

4. Оқу пәнін құрастыруда ескерілетін факторлар:

- A) Оқытушының көзқарасы
- B) Оқушылардың мүддесі
- C) Білімді игерудегі оқу-танымдық іс-әрекет түрлерінің жүйесі
- D) Оқытушының ғылыми дәрежесі, атағы
- E) Ғылыми пән ауқымында қалыптасқан білімдер жүйесі
- F) Білім беру бағдарламасының деңгейі, типі және мақсаты

5. Ғылым бұл:

- A) Білімді жүйелеу формасы
- B) Адамдардың материалдық дүниені өндіруі
- C) Нәтижеге қол жеткізу жолы
- D) Тәжірибені түрлендіруі
- E) Объективті болмысты игеруі
- F) Ғылыми жолмен жинақталған білім жүйесі
- G) Студенттің ізденісі арқылы табылған ғылыми білімдерді ақыл-ой, белсенді танымдық әрекет арқылы өңдеуінің нәтижесі

6. Дамыта оқытудың маңызды шарттары:

- A) Соңғы нәтижеге бағдарлану
- B) Оқушының өз бетінше дайындалуына мүмкіндік беру
- C) Соңғы нәтижеге емес оқудың өзіне бағдарлану
- D) Оқытушының материалды дайын түрінде беруі
- E) Оқытудың біржақтылық сипаты

7. Ұғымдарды қалыптастыру:

- A) Ұғымның мәнді емес белгілерін табу
- B) Ойды салыстыру
- C) Осы ұғымға жатқызуға негіз болатын қажетті белгілерді табу
- D) Осы ұғымға жататын болса, онда осы ұғымға жататынын білдіретін мәнді белгілерді табу
- E) Ұғымдарды жалпылау

8. Оқу тапсырмалары:

- A) Темпераментті анықтайды
- B) Қарапайым ой амалдарын шешуді
- C) Эмоцияны туғызады
- D) Өзіне сенімділікті дамытады
- E) Қажеттіліктерді қанағаттандырады

9. Өнімді ойлауды көздейтін тапсырмалар:

- A) эвристикалық ізденіс жасауға арналған
- B) интуитивті шешім іздеуге арналған
- C) баяндама құруға арналған
- D) мәселенің бірлескен шешімін анықтауға арналған
- E) рефлексивті әрекеттерге арналған
- F) мәселелік жағдайды шешуге арналған

10. Психологияны оқытудағы көрнекі құралдарды қолдану әдістері:

- A) көрсетудің реттілігі мен әдісі
- B) проблемалық жағдаятқа оқушыларды қосу
- C) мазмұнын қысқаша баяндау
- D) қолдану мақсатын анықтау
- E) көрнекіліктің әр түрінің үйлесімділігі
- F) әрекеттерді үлгі бойынша қайта жаңғырту

11. Мәселелік оқыту әдісі қолданылады:

- A) Қайталау және бекітуде
- B) Студенттер оқытушының жетекшілігімен қойылған сұрақтың жауабын жеке немесе топпен жағдаятқа талдау жасап, жолын іздестіруде
- C) Көрсету мен иллюстрация барысында
- D) Оқытушы жаңа білім берерден бұрын нақты мәселе мен мәселелік сұрақ қояда
- E) Дайын ақпаратты оқу кезінде
- F) Бағдарлама жасауда

12. Мәселелік оқыту әдістері:

- A) Миға шабуыл
- B) Еліктеу жаттығуы
- C) Әңгіме, түсіндіру
- D) Оқыту, рөлдік ойын
- E) Үлгіге қарап әрекет жасау
- F) Психологиялық тренинг

13. Психология сабағының конспектісінің құрылымы:

- A) тапсырмалардың көлемі
- B) тақырыптың нақтылануы
- C) білімді тексеру уақыты
- D) сабақтың мақсаты және міндеттерінің сипаттамасы
- E) сабақтың негізгі кезендерін реттеу
- F) сабақты өткізу орны және уақыты
- G) сұрақтарға жауап

14. Дәрістің негізгі функциясы:

- A) Алдын алу
- B) Бағыттау
- C) Терапевтік
- D) Бағдарлаушы
- E) Ақпараттық

15. Дәрістің артықшылықтары:

- A) Студенттерді тексереді
- B) Лектордың өз көзқарасына студенттерді тартуына мүмкіндік береді
- C) Студенттердің енжарлығын дамытады
- D) Студенттердің белсенділігін төмендетеді
- E) Студенттердің белсенді ойлауын, шығармашылық әлеуетін ұйымдастырады әрі моральдық тұрғыда қанағаттануын қамтамасыз етеді
- F) Бұрыннан белгілі деректер мен теориялық білімдерді тереңірек ұғынуға негіз болатын материалдың мазмұнының жаңалығы
- G) Студенттердің ойын қозғалысқа келтіру

16. Психологиялық пәндерде практикалық сабақтардың мақсаты:

- A) Білімді бақылау және бағалау
- B) Адамның күнделікті өміріндегі денсаулығын нығайту үшін қолдану
- C) Алынған білімді адамдардың әртүрлі практикалық саладағы іс-әрекеттерінің тиімділігін арттыру үшін қолдану
- D) Теориялық білімді кеңейту және анықтау
- E) Психологиялық білімді тәжірибелік мәселелерді шешуде қолдануды үйрену

17. Зертханалық жұмыстың негізгі дидактикалық мақсаттары:

- A) Сапалық талдау жасау
- B) Зерттелген тұлғаның қасиеттері мен сапасын эксперименттік тексеру
- C) Іс-нәтижесінің сандық көрсеткішін іріктеу
- D) Алынған мәліметтерді талдау
- E) Психологияны ғылым ретінде зерттеу мақсатында студенттерді зерттеушілік тұрғыда оқыту
- F) Эксперимент жүргізу әдістемесімен танысу

18. Өздік жұмысты табысты орындауды қамтамасыз ететін шарттар:

- A) Оқу тапсырмаларының анықтығы
- B) Пәннің тартымдылығы
- C) Пәнаралық және пәнішілік байланыстар
- D) Педагогтың беделі
- E) Оқытушының талабы
- F) Уақыттың мол болуы

19. Студенттердің ғылыми конференциясы:

- A) Тестілеуден өтеді
- B) Студенттер ғылыми жоба жасайды және сұрақтарға жауап береді
- C) Шетел ғалымдарының ғылыми зерттеу нәтижесін тыңдайды
- D) Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесі
- E) Студенттер өздерінің ғылыми жұмыстарының нәтижесін баяндайды

20. Психологиялық пәндерді оқыту барысында техникалық құралдырды қолданудың артықшылығы:

- A) Ақпараттық қайнар көздерді түрлендіреді
- B) Студенттердің уақытты тиімді пайдалануына ықпал етеді
- C) Студенттерді бейне тренингтер мен вебинар семинар жүргізуге машықтандыру
- D) Студенттерді шыдамдылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелейді
- E) Ұлттық, халықаралық білім беру мекемелерінің мәліметтеріне қол жеткізуді

21. Педагогикалық бақылаудың тиімділігін қамтамасыз ететін шарттар:

- A) Бақылау және оның нәтижесі жариялықты талап етеді
- B) Әңгімелесу түрінде өтуі тиіс
- C) Бақылаудың әділдігі
- D) Бақылау екі жаққа да анық өлшемдерге негізделуі тиіс
- E) Оқытушының өзі өлшемдері негізінде бағаланады

22. Сынақ – білімді бақылаудың қарапайым нысаны ретінде:

- A) «біледі» және «білмейді» екі деңгейлі өлшемі
- B) конспектілеу
- C) дискуссия
- D) реферат жазу
- E) тәжірибелік түрдегі тапсырмаларды бағалау
- F) жаппай жауап алу
- G) «сынақ» және «есепке алмау» бинарлық бағалары

23. Оқытушының нақты бір студентке деген жағымсыз қатынасын білдіретін белгілер:

- A) Студенттің жетістіктерін елемеуге тырысады
- B) Студент дұрыс жауап берсе қолпаштайды
- C) Студентке нақтылаушы сұрақтар береді
- D) Студентпен жан жақты жұмыс істейді
- E) Студентті ынталандырып отырады
- F) Студентке жауап беруге көп уақыт береді
- G) Студентке бағыт беруші және нақтылаушы сұрақтар қоймайды

24. Әлеуметтік психологияны оқытудың әдістемелік ерекшелігі:
- A) Топ, қоғам туралы тапсырма бергенде студент бірнеше ғылыми бағытты талдайтындай құрастыру керек
 - B) Оқиға хронологиясын уақытпен емес ғылыми ойдың дамуымен байланыста көрсету білу
 - C) Топ туралы студенттің өз бетінше қорытынды жасауына мүмкіндік беру
 - D) Негізгі ұғымдарды ғылымның дамуына байланысты өзгеруін есте ұстау
 - E) Дер кезінде психологиялық көмек көрсете білу әдістерін оқыту
 - F) Негізгі ұғымдардың ғылымның дамуына сай ғылыми мазмұнының өзгермейтінін ескеру
 - G) Тарихи оқиғаларды логикалық бірізділікті сақтай отырып қысқа етіп топтастыру
25. Психология пәнінің зертханалық және тәжірибелік сабақтарының негізгі қызметі:
- A) зерттеу жұмыстарын меңгеру біліктілігі
 - B) тәжірибелік икемділікті қалыптастыру
 - C) теориялық білімді тәжірибеде бекіту
 - D) арнайы қабілеттілікті дамыту
 - E) оқу әрекетін меңгеру
 - F) коммуникативті икемділікті қалыптастыру
 - G) кәсіби іскерлікті қалыптастыру

**Психологияны оқыту әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**